

# Латын графикалы "Qazaq tili" web-оқулығын оқу процесіне енгізудің нәтижелерін зерттеу

**НЫҒМЕТОВА Нұргүл Тұрсынқызы**, филол.ғ.к., доцент м.а., [nurgul\\_tursynovna@mail.ru](mailto:nurgul_tursynovna@mail.ru),  
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Қазақстан, Қарағанды,  
Н. Назарбаев даңғылы, 56.

**Аңдатпа.** «Qazaq tili» web-оқулығын оқу процесіне енгізудегі аралық нәтижелер қарастырылады. Зерттеу мақсаты – «Qazaq tili» web-оқулығын пайдалану нәтижелерін бағалау. Зерттеу жұмысында салыстырмалы және статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Студенттерге сауалнама жүргізілді. Қазақ тіліндегі мәтіндерді латын қарпінде оқулары зерттелді. Сауалнама нәтижелеріндегі деректерге талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** web-оқулық, латын графикасы, қазақ тілі, латын әліпбиі, оқу деңгейі, тілді меңгеру, қолдау, нәтижелер, бағалау.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» жарлығында латын графикасына көшудегі басты бағыттар мен міндеттер айқындалды [1]. Бұл жарлыққа кейіннен өзгерістер енгізіліп, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа редакцияланған нұсқасы бекітіліп жарияланды [2].

Қазақстан Үкіметі қазақ тілін латын графикасына көшіру жұмыстары бойынша бағдарлама қабылдады. Қазіргі уақытта елімізде қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру реформасы жүргізілуде. Бұл реформа үш кезеңнен тұрады, бірінші кезең 2018-2020 жылдар, екінші кезең 2021-2023 жылдар, үшінші кезең 2024-2025 жылдар аралығын қамтиды [3].

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарғы арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту негізгі мақсаттардың бірі болып отыр [4]. Соның ішінде негізгісі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіруді қолға алу. Латын әліпбиіне көшу – жаһандану мен ұлттану үдерісіндегі қазақ тілінің өміршеңдігін арттыратын реформа, қоғамның әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық тілді және тілдің өзіндік ерекшелігін сақтаудың қажетті шарты. Латын графикасын қолдану арқылы қазақ тілін оқыту барысы да жаңа деңгейге көтеріледі. Латын графикасында қазақ тілін үйретуді қолға алу – ұлт үшін жасалып жатқан қадам екенін ескере отырып, латын әліпбиіндегі оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу жұмыстарына назар аударғымыз келеді. Латын графикасын қабылдаған соң, оқыту мәселесі

де туындайды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасында «Латынграфикалы «Qazaq tili» B1, B2 деңгейлеріне арналған web-оқулықтарын инновациялық технологиялар арқылы әзірлеу (Жоғары оқу орнындағы білім беруге арналған)» жобасы гранттық қаржыландыру бойынша 2021-2023 жылдар аралығында орындалып жатыр. Осы жоба аясында «Qazaq tili» web-оқулығы [q-uireru.kz](http://q-uireru.kz) әзірленіп, тәжірибе ретінде жекелеген топтарда қолданысқа енді. Жобаның оқу кезеңіндегі аралық зерттеу нәтижелері web-оқулықтың тиімділігін, ыңғайлылығын және сапасын арттыруға мүмкіндік туғызды.

## Зерттеу әдістері

«Qazaq tili» web-оқулығын пайдаланушы 1 курс студенттерінен қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуіне деген көзқарастарын анықтау және қазақ тілін латын графикасында оқу деңгейлерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді. Жүргізілген зерттеу барысының нәтижелеріне салыстырмалы және статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Алынған сауалнама нәтижелерінен студенттердің латын әліпбиін қолдау туралы көзқарастары мен қазақ тіліндегі мәтіндерді латын графикасында оқу деңгейлері анықталды.

## Зерттеу барысының нәтижелері және талқылау



Тілді меңгерудің B1, B2 деңгейлеріне арналған «Qazaq tili» web-оқулығы жекелеген топтарда тәжірибе ретінде қолданысқа енгізілді. Бұл web-оқулықты оқу процесіне алғаш рет енгізу кезеңінде оқу материалдарын екі нұсқада оқу мүмкіндігі қарастырылды, бірі – кириллица, екіншісі

– латын графикасы. Web-оқулықты латын графикасында (1-сурет) және кирилл әліпбиінде де (2-сурет) пайдалануға болады.


Студенттер оқу үрдісі кезінде смартфондары арқылы <https://q-wirenu.kz> сайтына кіріп, қазақ тілін оқып-үйренуге қатысты әзірленген кешенді тапсырмаларды орындап, тілдік дағдыларын жетілдіре алады.

2021-2022 оқу жылында орыс бөлімі топтарында «Қазақ тілі» пәнін оқып жатқан студенттерге жүргізілген сауалнама нәтижесінде сауалнамаға қатысқан студенттердің латын әліпбиіне көшуді 41%-ы ғана қолдайтыны анықталған, студенттер латын әліпбиі оларға қиындық туғызады

деген пікірлерін білдірген болатын [5; 329]. Осы 2021-2022 оқу жылының алғашқы семестрінде кириллицамен оқуға басымдық берілді, бұл оқулықты пайдаланушылар үшін бастапқы уақытта web-оқулыққа үйрену мақсатында жасалды. Ал екінші семестрінде сабақ барысында оқу материалдары аралас түрде (кирилл әліпбиі, латын әліпбиі) қолданылды. Алғашқы жүргізілген сауалнама осы кириллицамен оқыту кезеңінде алынғанын ескерсек, студенттердің арасында латын әрпін қолдануға өздеріне тек сенімділік жетпейтіні айқындалған болатын. Студенттердің пікірлерін ескере отырып, web-оқулықтың дизайнына, оқулықтың мазмұны мен сапасына түзетулер енгізілді,



1-сурет – Web-оқулықты латын графикасында пайдалану нұсқасы



2-сурет – Web-оқулықты кирилл әліпбиінде пайдалану нұсқасы


web-оқулық жетілдірілді. Web-оқулықты жақсартуға байланысты туындаған сұрақтар оқу материалын әзірлеген оқытушылармен, дизайнермен және бағдарламашымен бірге талқыланды.

Зерттеу жұмысымыздың екінші кезеңінде 2022-2023 оқу жылында «Qazaq tili» B1, B2 деңгейлеріне арналған web-оқулығын бірінші курс студенттеріне латын графикасында оқытумен басталды. Оқу кезеңінде латын әліпбиіндегі материалдарға басымдық берілді. Зерттеудің келесі сауалнамасы 2022 жылдың қараша айында жүргізілді. «Латын әліпбиіне көшуді қолдайсыз ба?» сұрағы студенттерге тағы да қойылды. Студенттер орыс топтарында оқитын болғандықтан сауалнама орыс тілінде жүргізіліп, қойылған сұрақтар өзгеріссіз берілді.

Web-платформаны пайдаланушы студенттердің 53,8% латын әліпбиіне көшуді қолдайтындары анықталды (3-сурет). Бұдан шығатын қорытынды, зерттеу барысы web-оқулықты пайдаланушы студенттер арасында қазақ тілін латын графикасында оқып-үйренуге болатыны туралы сенімділіктері пайда болғанын көрсетті.


Web-оқулықты пайдаланушы 1 курс студенттерінен қазақ тілін латын графикасында оқу деңгейін бағалау деңгейлерінің көрсеткішін білу және латын әліпбиіне көшуге деген көзқарастарын анықтау мақсатында келесі сауалнама жүргізілді. Студенттердің қазақ тілін латын графикасында оқу деңгейлерін бағалау туралы сұрақ берілді (4-сурет).

Поддерживаете ли вы переход казахского языка на латиницу? – количество



3-сурет – Web-платформаны пайдаланушы студенттердің латын әліпбиіне көшуді қолдау көрсеткіші

Как вы оцениваете ваш уровень чтения текстов на казахском языке в латинице? – количество



4-сурет – Студенттердің қазақ тілін латын графикасында оқу деңгейін бағалау деңгейлерінің көрсеткіші

Студенттердің латын графикасында қазақ тіліндегі мәтіндерді оқу деңгейі бес балдық шкаламен бағаланды, латын графикасында оқу деңгейін бағалау деңгейлерінің көрсеткіші бойынша «1 – өте қиын», «2 – қиын», «3 – қанағаттанарлық», «4 – жақсы», «5 – өте жақсы» болып көрсетілді.

Бағалау төмендегідей көрсеткіштерге ие болды, латын графикасында қазақ тілін «өте жақсы оқимын» деп санайтындар 6,3%, «жақсы оқитындар» 47,6%, «қанағаттанарлық» деңгейді көрсеткендер 28,6%, 2 балдық шкаланы таңдап «қиын» деп санайтындар сауалнамаға қатысушылардың 7,9%-ын құрады, латын графикасында қазақ тілін «өте қиын» деп өз деңгейін 1 балдық шкалада бағалағандар 9,5% (4-сурет).

Бұл сауалнама оқу жылының бірінші семестрінің ортасында алынды, студенттерден қазақ тілін латын графикасында оқу деңгейін семестр соңында тағы бір мәрте бағалау берілсе, онда бағалау деңгейлерінің көрсеткішінде өзгерістер болуы мүмкін. Дегенмен, оқу материалдарын латын қарпінде оқыған студенттердің көпшілігінің қазақ тіліндегі мәтіндерді латын графикасында оқи алатыны анықталды.

### Қорытынды

Тілді меңгерудің B1, B2 деңгейлеріне арналған «Qazaq tili» web-оқулығын тәжірибе ретінде

пайдалану кезеңінде жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында төмендегідей қорытындылар жасалды.

Жоғары оқу орнында қазақ тілін меңгерудің негізгі B1, B2 деңгейлерін оқып жатқан студенттерден алынған сауалнама нәтижелері көрсеткендей, төмендегідей түйін жасауға болады:

1. Web-оқулықты пайдаланушы студенттер қазақ тілін латын графикасында оқып үйренді.

2. Web-платформаны пайдаланушы студенттердің жартысынан астамы латын әліпбиіне көшуді қолдайтындары анықталды.

3. Қазіргі кезде білім алушы студенттердің көпшілігінің ағылшын тілін меңгергендерін ескерсек, студент-жастарға қазақ тілін латын әліпбиінде үйрету аса қиындық туғызбайды.

### Қаржыландыру

Бұл зерттеу жұмысы ҚР БҒМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН № АР09261117 «Латын-графикалы «Qazaq tili» B1, B2 деңгейлеріне арналған web-оқулықтарын инновациялық технологиялар арқылы әзірлеу (Жоғары оқу орнындағы білім беруге арналған)» ғылыми жобасы аясында 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы. Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы. Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы.
3. Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 27 Өкімі.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 Жарлығы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.
5. Нығметова Н.Т., Тұрсын А.О., Деркач С.А., Жетпісбай Ш.А. Жоғары оқу орнының білім беру процесіне «Qazaq tili» web-оқулығын енгізудің алғашқы нәтижелерін зерттеу. Университет еңбектері. № 4 (89) 2022.

### Исследование результатов внедрения в учебный процесс веб-учебника «Qazaq tili» с латинской графикой

**НЫГМЕТОВА Нургуль Турсыновна**, к.филол.н., и.о. доцента, [nurgul\\_tursynovna@mail.ru](mailto:nurgul_tursynovna@mail.ru),  
 НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова», Казахстан, Караганда,  
 пр. Н. Назарбаева, 56.

**Аннотация.** Рассматриваются промежуточные результаты внедрения веб-учебника «Qazaq tili» в учебный процесс. Цель исследования – оценить результаты его использования. В исследовательской работе использовались сравнительные и статистические методы исследования. Был проведен опрос студентов. Изучены чтения текстов на казахском языке на латинице. Проанализированы данные результатов опроса.

**Ключевые слова:** веб-учебник, латинская графика, казахский язык, латинский алфавит, уровень чтения, владение языком, поддержка, результаты, оценка.

***Investigation of the Results of the Introduction of the «Qazaq Tili» Web Textbook with Latin Graphics into the Educational Process***

**NYGMETOVA Nurgul**, *Cand. of Philol. Sci., Acting Associate Professor, nurgul\_tursynovna@mail.ru, NPJSC «Abylkas Saginov Karaganda Technical University», Kazakhstan, Karaganda, N. Nazarbayev Avenue, 56.*

**Abstract.** *The interim results of introducing the web textbook «Qazaq tili» into the educational process are considered. The purpose of the study is to evaluate the results of using the «Qazaq tili» web textbook. Comparative and statistical research methods were used in the research work. A survey of students was conducted. The readings of texts in the Kazakh language in the Latin alphabet were studied. The data of the survey results are analyzed.*

**Keywords:** *web textbook, Latin graphics, Kazakh language, Latin alphabet, reading level, language proficiency, support, results, assessment.*

## REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2017 jylǵy 26 qazandaǵy no. 569 Jarlyǵy. Qazaq tılı ǎlıpbiin kirillitsadan latyn grafikasyna kóshiru turaly.
2. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2018 jylǵy 19 aqpanndaǵy no. 637 Jarlyǵy. Qazaq tılı ǎlıpbiin kirillitsadan latyn grafikasyna kóshiru turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2017 jylǵy 26 qazandaǵy no. 569 Jarlyǵyna ózgeris engizu turaly.
3. Qazaqstan Respublikasy Premer Ministriniń 2018 jylǵy 13 nauryzdaǵy no. 27 Ókimi.
4. Qazaqstan Respublikasy Úkimetiniń 2019 jylǵy 31 jeltoqsandaǵy no. 1045 Jarlyǵy. Qazaqstan Respublikasyndaǵy til saiasatyn iske asyrudyń 2020-2025 jylдарǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasyn bekitu turaly.
5. Nyǵmetova N.T., Tursyn A.O., Derkatsh S.A., Jetpisbai S.A. Joǵary oqu ornynyń bilim beru protsesine «Qazaq tili» web-oqulyǵyn engizudiń alǵaşqy nǎtijelerin zertteu. Universitet eńbekteri. No. 4 (89) 2022.